



ҒТАХР 11.25.19
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-151-2-54-67>

Қазақстанның сирек кездесетін металдары: сыртқы экономикалық саясат

Д.А. Туманшиев*, Л.Т. Исова, Ә. Жұмақанов

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: tumanshiyev.darkhan@gmail.com, tanirbergenlaura@gmail.com, adilnurim@gmail.com)

Аңдатпа. Қазақстанның сирек кездесетін металдары: сыртқы экономикалық саясат және «ресурс қарғысы» атты мақалада сирек металдар байлығының Қазақстанның экономикалық дамуы мен сыртқы саясатына әсері қарастырылған. Жаһандық технологиялық кезеңдегі сирек металдар жоғары технологиялық өнімдерді өндіруге қажетті стратегиялық ресурстарға айналуға. Осы металдардың қомақты қорына ие Қазақстан «ресурстық қарғыспен» байланысты тәуекелдерге тап болады - шикізат экспортына экономикалық тәуелділік және әлемдік бағалардың ауытқуына осалдығы. Мақалада сирек металдарды басқарудың экономикалық және геосаяси аспектілері, сондай-ақ олардың елдің тұрақты дамуы мен халықаралық қатынастарына әсері талданады. Тәуекелдерді азайту және ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін экономиканы әртараптандыру және ресурстарды басқару саясатын жетілдіру қажеттілігіне ерекше назар аударылады. Авторлар сирек металдарды стратегиялық пайдалану Қазақстанның сыртқы саяси ұстанымын нығайтуда және әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруда өте маңызды рөл атқаратындығын атап көрсетеді. Зерттеу жұмысы сонымен қатар Қазақстанға жаһандық экономиканың негізгі ойыншысы болуға мүмкіндік беретін осы құнды ресурстарды тиімді пайдалану үшін инновациялар мен халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығын талқылайды. Сондай-ақ, сирек металдардың сыртқы саясатта мемлекеттермен ынтымақтастықты әр салада дамытуға себеп болатын негізгі фактор ретінде көрсетіледі.

Түйін сөздер: сыртқы саясат, дипломатия, әлемдік экономика, жаһандық инновация, ресурстық экономика, геосаясат, сирек металдар

Түсті: 05.09.2024; Мақұлданды: 25.06.2025; Онлайн қолжетімді: 01.07.2025

Кіріспе

Қазақстанның ресурстың әлеуеті және сирек кездесетін металдардың сыртқы экономикалық саясатындағы орны мен «ресурс қарғысы» факторының өзектілігі сирек металдардың қазіргі әлемдегі шешуші рөліне байланысты. Жаһандық технологиялық және өнеркәсіптік трансформация жағдайында сирек металдар электроника, батареялар және жаңартылатын энергияға арналған жабдықтар сияқты жоғары технологиялық өнімдерді өндіруге қажетті стратегиялық ресурстарға айналууда.

Қазіргі геосаясатта жиі қолданыста жүрген «ресурстық қарғыс» түсінігі, табиғи ресурстарға бай мемлекеттердің ресурстың болуы артықшылығынан гөрі, оны сыртқы нарықтағы сауда тәуелдігіне байланысты түсіндіреді. Яғни, ресурсқа ие мемлекеттер шикізат ресурстарын өңдемей оны тек тасымалдаумен айналысу экономикалық жағынан дамыған мемлекеттердің сұранысына тәуелді етеді, соған сай баға да құбылмалы болады [1].

Қазақстан сирек металдардың қомақты қоры бола тұра ресурстық қарғыс парадоксына – табиғи ресурстардың байлығы тұрақты дамуға емес, экономикалық және саяси қиындықтарға әкелетін жағдайға тап болды. Экономиканың шикізат экспортына тәуелділігі, бағаның жаһандық ауытқуларына осалдығы және әртараптандырудың жоқтығы тұрақты экономикалық өсу мен әлеуметтік әл-ауқатқа елеулі қиындықтар туғызады.

Сонымен қатар, сирек металдар Қазақстанның сыртқы саясатында оның халықаралық қатынастардағы орнын айқындап, стратегиялық әріптестік орнатуда маңызды рөл атқарады. Ресурстар үшін жаһандық бәсекелестіктің күшеюімен сирек металдарды басқару ерекше маңызға ие.

Бұл тақырыпты зерделеу Қазақстанның тұрақты дамуға қол жеткізу және халықаралық аренадағы ұстанымын нығайту үшін өз ресурстарын қалай пайдалана алатынын, сондай-ақ бұл үдерістің жолында қандай тәуекелдер мен сын-қатерлер тұрғанын анықтайды.

Ғылыми жұмыстың мақсаты – Қазақстандағы «ресурс қарғысы» ұғымын талдау оның ішінде сирек кездесетін металдардың Қазақстанның сыртқы саясаты мен экономикасына әсерін қарастыру.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу әдістері ретінде сандық және сапалық әдіс деректерді жүйелі түрде қарастыруға және салыстырмалы талдау, геосаяси талдау, статистикалық талдау әдістері зерттеу жұмысын барынша тереңірек түсінуге және қойылған мақсатқа жету үшін осы әдістер қолданылды.

Зерттеудің теориялық негізі экономика мен сыртқы саясатта табиғи ресурстарды пайдаланумен байланысты мәселелердің мәнін түсінуді қамтамасыз ететін бірнеше негізгі теориялар мен тұжырымдамаларға сүйенеді. «Ресурстық қарғыс теориясы» табиғи ресурстарға бай елдер көбінесе экономикалық тоқырау, саяси тұрақсыздық

және дамудың төмен деңгейі мәселелеріне қатысты тұжырым жасайды. Бұл шикізат экспортына шамадан тыс тәуелділік, экономиканың басқа секторларының дамымауы және әлемдік нарықтардағы өзгерістерге осалдығымен байланысты.

Қазақстан жағдайында сирек металдар байлығы осы ресурстардың экспортына тәуелділікке әкелуі мүмкін, бұл елді сыртқы экономикалық күйзелістерге бейім етеді. Сондай-ақ, қазіргі сырқы саясатта қолданыс тапқан «Голланд ауруы теориясы» – экспорттық сектордың (табиғи ресурстар сияқты) өсуі ұлттық валютаның нығаюына, басқа салалардың бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне және өңдеуші секторлардың әлсіреуіне әкелетін экономикалық құбылысқа сүйенеді. Қазақстан жағдайында сирек металдардың экспорты жоғары технологиялық және инновациялық өндірістердің дамуын шектей отырып, бұл үдеріске ықпал етуі мүмкін. Маңызды теориялардың бірі – «Жалға алу теориясы» (Rent theory), бұл теория бойынша мемлекеттер табиғи ресурстардан түсетін түсімдерді экономикалық ренталар ретінде қарастырады, теориялар ресурстардың тиімсіз бөлінуіне әкеліп соғатынын және сыбайлас жемқорлық пен саяси тұрақсыздыққа ұрындыру мүмкіндіктерін анықтауда маңызды. Бұл ішкі саясатқа да, сыртқы саясатқа да әсер етеді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылдың қыркүйегіндегі халыққа жолдауында сирек және сирек жер металдарының кен орындарын игеру стратегиялық түрде өте маңыздылығын атап, бұл металдарды «жаңа мұнай», «осы салада табысқа жеткен елдер бүкіл әлемдегі технологиялық үдерістің бағытын белгілейді», – деген еді [2].

Ресурс қарғысы – табиғи ресурстарға бай елдерде ресурстарға кедей елдермен салыстырғанда экономикалық өсудің баяулауы, мемлекеттік институттардың сапасының төмендігі және сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі жиі кездесетін парадоксалды құбылыс.

XX ғасырдың аяғында алғаш рет, осы терминнің шығуы ресурстардың көптігіне қарамастан, экономикалық және әлеуметтік мәселелерге тап болған дамушы елдердің мұнай-газ саласына және пайдалы қазбалар қорының байлығы экономикалық тұрақсыздыққа негіздейтінін анықтап, әлемдік экономистер айналымға енгізді.

Сирек металдарға қатысты маңызды құжаттардың бірі Қазақстан Республикасындағы сирек және сирек жер металдарына геологиялық барлау жұмыстарын дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған жоспары болып табылады. Құжат Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 1237 қаулысымен бекітілген.

Құжат инвестиция тарту, саланы дамыту және ресурстарды тиімді пайдалану шараларын айқындайды.

Жоспардың орындалуына жауапкершілік мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жүктелді. Бұл құжат аясында Батыс Еуропа елдерінің мамандары барлау жұмыстарына қатысуда [3].

Сондай-ақ, заңнама тұрғысынан сирек жер металдар өнеркәсібін дамытудың 2024–2028 жылдарға арналған кешенді жоспарын, оның ішінде ресурстарды дамытуды атап өткен жөн. Құжат

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы No 1221 қаулысымен қабылданған.

Негізгі мақсат: шикізат базасын дамыту, жаңа өндірістерді құру, жоғары технологияларды енгізу, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру.

Мақсаты: Қазақстанды әлемдік құн тізбегіне біріктіру және халықаралық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру.

Осы құжат аясында Қазақстан аумағындағы геологиялық барлау жұмыстарына ерекше көңіл бөлінген [4].

Қазақстан әлемдік ресурстар үдерісіндегі ірі сирек металдар қоры бар геосаяси аймаққа айналған мемлекет ретінде танылады. Мемлекет аумағында вольфрам мен молибден секілді ерекше металдардың айтарлықтай қоры шоғырланған. Сондай-ақ, тантал, ниобий және басқа да аса қымбат және әлемде өте сирек кездесетін металдардың ел аумағында минералдық-шикізаттық базасын құру перспективалары бар. Қазақстандағы өнеркәсіптік игерудің негізгі құндылығы – вольфрам-молибден кен орындары. Бұл кен орындарының сапасының төмен болуына байланысты ұзақ уақыт бойы игерілмей келген күрделі жобалардың бірі ретінде саналады. Қазақстан Республикасының Индустрия және құрылыс министрлігі Геология комитетінің мәліметі бойынша 2024 жылдың басындағы жағдай бойынша республикадағы сирек металдардың шикізат базасы (мың тонна) құрайды (1-кесте):

1-кесте. Қазақстандағы сирек кездесетін металдар қоры

Металл	Қор көлемі	Металл	Қор көлемі	Металл	Қор көлемі
Вольфрам	2400 т	Ниобий	28,1 т	Молибден	1100 т
Литий	75,6 т	Тантал	4,6 т	Бериллий	68,8 т

Ескерту. [3] әдебиет негізінде жасалған.

Литий өндіретін кен орындары маңызды нысан ретінде мемлекет аумағында барынша назарға алынған. Астана қаржы орталығының сараптамасы бойынша, қазіргі таңда жасыл технологияларды дамыту сценарийіне байланысты литийге әлемдік сұраныс, 2022 жылғы 130 мың тоннадан 2030 жылға қарай 312-721 мың тоннаға дейін артады деген статистика келтіреді. Шығыс Қазақстандағы литий кен орындарын барлау және игеру үшін, Қазақстанның геологиялық қызметтері қазірдің өзінде Германия, Оңтүстік Корея және Ұлыбритания мемлекеттерінің салалық компанияларымен ынтымақтасады. 2024 жылдың наурыз айында Кореяның геологиялық ғылымдар және минералдық ресурстар институты, Шығыс Қазақстанда 5,3% жаңа литий кен орнын ашты. Оның құны 15,7 миллиард долларды құрайды [4].

Дүниежүзілік банктің сараптамасы бойынша, республикада құны 46 триллион доллардан асатын 5 мыңға жуық ашылмаған сирек металл кен орындары бар. Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдаланушылары литий секілді жобаларға Қытай, Сингапур, Германия, АҚШ және тағы басқа инвесторларға ынтымақтастықты ұсынады. Қазақстанның экспорттағы үлесі 0,83 пайызын ғана құраған, 2021 жылы сирек кездесетін металдар нарығының көлемі \$1,14 миллиард көлемнің аз көлемінде болған еді. 2020 жылдан бастап 2023 жылға дейін өнім жеткізу 3,8 есеге, яғни 276 тоннадан 1048 тоннаға дейін өсті, әзірге Қытай сирек кездесетін металл рудаларының жалғыз сатып алушысы болып табылады, бірақ Қазақстан Республикасы өзінің сыртқы нарығында сирек металдармен жасайтын саудасын Еуропалық Одақ нарығына шығаруды жобалауда [5].

Қазақстанда сирек металдарды игеруде және экспортқа шығаруда әлі де тәжірибенің қажеттігі сұранысы бар екендігін және тиісті инвестициялық жобалардың аз болуы жағдайында біршама қиындықтар туғызатынын байқауға болады.


Қазақстанда 2020 жылдан бері сирек жер металдарының экспорты доллармен есептегенде 4,6 есе, нақты мәнде 3,8 есе өсті. Елде 2023 жылдың желтоқсанында сирек металдар жер өнеркәсібін дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспары қабылданды, оған сәйкес Қазақстан сирек металдарды өндіруді дамытуға 2,4 млрд теңге (\$5,3 млн) инвестициялауды жоспарлап отыр [6] (2-кесте).

2-кесте. Қазақстандағы сирек жер металдар ресурсы (СЖМ)

Батыс Қазақстан	Қызылсай, Борсықсай, Меловое, Шілісай, Шпаковка, Томақ, Тайбоғар, Тасмұрын
Орталық Қазақстан	Күйректікөл, Қаратас, Шұбаркөл, Жыланшық
Оңтүстік Қазақстан	Баласауысқандық, Көксай, Құрымсақ, Жабағлы, Қаратау, Ақдала, Мыңқұдық, Солт. Қарамұрын, Қанжуған, Мойынқұм, Ақеспе
Солтүстік Қазақстан	Красномайское, Лосевское, Құндыбай, Обухавское, Қарағаш, Ақбұлақ, Гортковское, Богодуховское, Тобольское, Тлеумбет, Талайрық
Шығыс Қазақстан	Жоғарғы Еспе, Аршалы, Юбилейное, Қараөткел

Жоғарыда келтірілген кестедегі сандық мәлімет бойынша халықаралық инвестиция көлемі артатыны және жаңа жұмыс орындары ашылуына себеп болады. Сыртқы саясатта инвестиция салған мемлекеттермен өзара ынтымақтастық тереңдейді, соған сәйкес, Қазақстанның халықаралық деңгейі өседі деуге болады (1-диаграмма).

1-диаграмма. Сирек металдар бойынша Қазақстан экспорты



Ескерту. [7] әдебиет негізінде жасалған

Диаграммада көрсетілгендей, Қазақстан экспортындағы сирек металдар саудасы сыртқы нарықтағы сұраныс деңгейіне сай қарқын алып келе жатқанын көруге болады.

Сирек жер металдарын таза түрде табу мүмкін емес. Қазақстан Республикасының аумағында олардың барлығы негізгі қатты пайдалы қазбалармен бірге жүреді. Сирек жер металдарын оқшаулау қиын және көп уақытты қажет ететін үдеріс, сондықтан мұндай металдың аз мөлшерін пайдаланғанның өзінде өнімнің қосымша құны жоғары болады.

Қаржылық жағынан басқа, кейбір ресурстарды өндіру басқаларының жойылуына әкелетінін ескеру керек. Мысалы, литий өндіру үшін көп мөлшерде су қажет және ол негізінен құрғақ жерлерде шоғырланған. Литий металының әлемдік нарықта смартфон, дәрі-дәрмектер және электромобильдер жасау үшін қажет екендігі белгілі.

«Qazgeology» орталығының сараптамасы бойынша, литийге қызығушылықтың артқандығы басты назарға алынуда. 2016 жылы орталық литийге геологиялық барлауды дамыту бағдарламасы бойынша ұсыныс әзірледі, жұмыста іргелі факторлар, алғышарттар белгіленді, сондай-ақ геологиялық барлау үшін перспективалық кен орындары анықталуда. 2017-2018 жылдар аралығында «Qazgeology» Қазақстанның негізгі кенді өңірлерінде сирек жер металдарының кен орындарын анықтау бойынша жұмыс жүргізді. Жұмыс Қазақстан Республикасының бүкіл аумағын қамтыды. Далалық іздестіру және барлау жұмыстары Қазақстанның 8 облысының аумағында орналасқан 16 кенді учаскелерде жүргізіліп, сирек жер элементтерінің (800 жуық нысан) кен орындарының деректер базасы құрылды. Болжамды ресурстар, әсіресе Верхнее-Еспинское кен орны үшін Р2 санаттары үшін, сондай-ақ Шығыс Қоңырат гранит массивінің ауданы үшін Р3 категориясы бойынша есептелген болатын. 2021

жылы Геология комитетінің бұйрығымен кейінгі геологиялық барлау жұмыстарының жобалық жоспарлары әзірленді. Мысалы, облыстар бойынша учаскелер: Шығыста 8 – Рұстық Сопка, Миролубовский, Брусиловский, Дүйсенбай-Байтүлек, Ақтөбе-Кварцева, Қуырстыккөл, Боқай, Күнеой; Солтүстікте 1 – Ақбұлақ; Орталықта – 1 – Кеңқұдық; Оңтүстікте 3 – Келтемшатский, Қорғаское және Орта Шолақтау кен орындарымен анықталды [8].

Қазіргі таңда Геология ғылымдары институтының мәліметінше, Қазақстан аумағында сирек металдардың шоғырланған аймақтары сирек жер элементтері Құндыбай титанды-сирек жер кен орнында, сонымен бірге, сирек металл элементтері Жәнет, Оңтүстік Жауыр, Көктенкөл, Жоғарғы Еспе, Қарасуда, Қаратау фосфорит массивінде табылған. Уран кен орындарында сирек жер элементтері мен сирек металдардың едәуір мөлшері бар [9].

2023 жылы өткен Қазақстан-Германия бизнес форумында мемлекет басшыларының қатысуымен сирек металдарды игеруге қатысты құны 1,7 миллиард доллар болатын бірқатар маңызды құжаттарға қол қойды. Оның ішінде, «Kazenergorower» жеке шағын серіктестігі мен Siemens AG арасында Siemens технологиясын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының энергетикалық саласы үшін орта вольтты тарату құрылғыларын өндіруді оқшаулау туралы келісім жасалды. Құжат Қазақстанда Siemens жабдықтарының өндірістік базасын құруды көздейді. Жоба құны шамамен 22 миллион долларды құрайды. Сондай-ақ, «Creada Corporation» жеке шағын серіктестігі мен HMS Bergbau AG компаниялары Шығыс Қазақстандағы күрделі сирек металл кендерін барлау, өндіру және өңдеу жобасын инвестициялау және әзірлеу туралы келісімді айта кеткен жөн. Бұл келісім Қазақстандағы сирек жер секторын дамытудың жаңа перспективаларын ашады. Сирек металдар электроника, магниттер, батареялар және басқа да инновациялық өнімдер сияқты жоғары технологиялық өнімдерді өндірудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Жобаның жоспарлы құны 200 миллион долларды құрайды [10].

Осы жобалардың жүзеге асуы халықаралық үдерістерде кезек күттірмеуде. Жоғарыда айтылған Еуропалық Одақтың қазақстандық сирек металдардың игерілу нарығына инвестиция салу бүгінгі таңда аса өзекті мәселеге айналды. Оның дәлелі 2024 жылдың 16-қыркүйегінде Германия Федеративті Республикасының канцлері Олаф Шольцтың Астанаға ресми барысында аталмыш жобаның қолға алынуы. Мемлекет басшыларының ресми кездесуі барысында, Шығыс Қазақстан облысының атаулы Алтайдағы кен орындарын байытуды қаржыландыру, оның ішінде сирек кездесетін литий металын өндіруге көлемі 500 млн доллар болатын бірлескен жоба жасауға келісті. Осы келісім арқылы Қазақстан Германиядан қажетті инновациялық технологиялармен алмасу мүмкіндігіне ие болады [11].

Сирек кездесетін металдардың стратегиялық маңызы қандай?

Халықаралық тәжірибеде сирек металдарды өндіру қазіргі «жасыл саясаттың» негізгі экономикалық күшіне айналды. Дамыған мемлекеттердің осы саясатқа көшуі әлемде үлкен өзгерістер туғызды. Себебі қазіргі жаһандық технология мен цифрлық әлем осы сирек металдардың негізгі ошағына айналды. Халықаралық аренада дамыған мемлекеттердің инновациялық жағдайы ресурс қарғысында қалған елдермен экономикалық және саяси

байланыстарды жақындатты. Қазақстан әлемдік ресурс қорынан алатын орны жоғары деп айтуға келмейді. Себебі геологиялық зерттеу жұмыстары толық жүргізілмеді, бірақ соған қарамастан елде жаңадан ашылып жатқан сирек метал кен орындары әлемдік дамыған мемлекеттердің назарын аударуда.

Айта кетсек, американдық бірқатар сарапшылардың пікірінше сирек кездесетін металдарды дамытуға инвестициялар Орталық Азиядағы экономикалық өсуді жеделдетуге және Қытайдың сирек кездесетін жерлердегі үстемдігін жоюға көмектеседі, сонымен бірге жасыл энергияға көшу үшін қажетті компоненттерді өндіру нарығын жасайды. Халықаралық салық және инвестиция орталығы (The International Tax and Investment Center (ITIC) ұсынған «Орталық Азияның сирек металды жерлерін экономикалық өсу үшін пайдалану» атты жаңа баяндамада Орталық Азиядағы сирек металдар дамуының жай-күйін және сирек жер кен орындарын игеруді арттыру және олардың экспортын ұлғайту үшін аймақтың геосаяси мүмкіндіктерін зерттеу қажет деп санайды. Ариэль Коэн Еуразиялық орталықтағы Атлантикалық кеңестің директоры сирек жер элементтерінің ықпалы туралы: бұл элементтердің жаңартылатын энергия көздерін алу ғана емес сонымен қатар, жоғары технологиялардың келесі буыны, жасанды интеллект, кванттық компьютерлер, электр көлігінің жаңа түрлері және тіпті ғарышты одан әрі зерттеуге мүмкіндіктер туғызатындығын баяндайды [12].

Геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы қазақстандық сарапшы Бақыт Мұратов сирек және сирек жер металдарының қазіргі технологиялық дәуірде аса маңызды екенін атады. Сарапшы Б.Мұратовтың соңғы жылдары сирек және сирек жер металдарына әлемдік сұраныстың күрт артқанын алға тартады. Жоғары сапалы төмен легирленген ниобий және сирек жер болаттары бүкіл әлем бойынша көлік техникасы, мұнай-газ өнеркәсібі және ілеспе құбыр жүйелері үшін маңызды. Алайда, Қазақстанда сирек металдар, сирек жер металдары мен олардың қосылыстарын өндіру оның әлеуетін іске асырмау» деп сипаттауға болатынын мойындайды [13].

Т.А. Мукашев, С.Н. Алпысбаева сынды отандық зерттеушілер, қазіргі таңда Қазақстанда шикізат пен сирек жер металдары өнімдерін жеткізудің халықаралық транзиттік хабқа айналатын мүмкіндігі бар екендігін алға тартады. Осы бағытта Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты оң ықпал етуде. Технологиялық көшбасшы елдердің бірқатары АҚШ, Қытай, ЕО елдері, Жапония, Ресей, Оңтүстік Корея Қазақстандағы сирек металдарды өндіруге байланысты шынайы қызығушылық танытып отыр. Сирек кездесетін металдарды игеру және бұл үшін қажетті қаржылық, технологиялық және басқа да көмек көрсету мәселелеріне назар аударылуда екендігін көрсетеді [14].

Сирек кездесетін металдардың экономикалық саладан бөлек экологияға, адам денсаулығына да кері әсерін тигізетінін ескеру қажет. Осы тұста, отандық зерттеушілер А.Байкенжеева, Р.Курманбаев, Н.Аладиндер ғылыми зерттеулері барысында Арал теңізі мен Сырдария, Әмудария өзенінің бойында сирек кездесетін металдардың шоғыры табылғанын және адам ағзасы мен сол аймақтың экологиясына кері әсерін анықтаған [15].

Әртараптандыру перспективалары. Алдағы уақытта сирек металдар экспортынан түсетін кірісті экономиканың басқа салаларын дамытуға пайдалану арқылы Қазақстан экономикасын әртараптандыруға қол жеткізілмек. Сирек металдар жоғары

технологиялық өнімдерді өндіру үшін стратегиялық маңызға ие, бұл жаңартылатын энергия көздері, цифрландыру, инновациялық технологиялар сияқты салаларға инвестиция үшін мүмкіндіктер ашады. Сонымен қатар, мұнай және газ сияқты дәстүрлі шикізат салаларына тәуелділікті азайту арқылы тұрақты экономикалық дамуға жол ашылады. Ұзақ мерзімді уақытта әртараптандыру ішкі нарықты нығайтуға және әртүрлі секторларда жаңа жұмыс орындарын құруға көмектеседі.

Бірақ, болашақ сын-қатерлер құбылмалы жаһандық нарық жағдайында Қазақстанның экономикасы мен сыртқы саясатына ықтимал қауіптерді күшейтеді. Біріншіден, әлемдік нарықтағы сирек металдар бағасының жоғары ауытқуы экономикалық тұрақсыздықты тудыруы мүмкін, әсіресе егер мемлекет олардың экспортына қатты тәуелді болып қалатын болса, екіншіден, стратегиялық ресурстарға қол жеткізу үшін геосаяси бәсекелестік күшеюі мүмкін. Бұл Қазақстаннан дипломатиялық қарым-қатынаста икемді болуын және ірі әлемдік державалардың мүдделері арасындағы теңгерімді сақтауды талап етеді. Сондай-ақ елдің сыртқы саясатына қысым жасап, оның маңызды ресурстарды жеткізуші ретіндегі жаһандық рөліне әсер етуі мүмкін.

Қорытынды

Сирек металдардың қомақты қоры бар Қазақстан шикізат экспортына тәуелділік және әлемдік бағаның ауытқуына осалдығы сияқты «ресурстық қарғыстың» классикалық белгілеріне тап болды. Бұл тәуекелдер сирек металдарды жоғары технологиялық салалар үшін стратегиялық ресурсқа айналдыратын жаһандық технологиялық революция жағдайында күшейіп отыр.

Сирек металдардан түсетін табысқа негізделген Қазақстанның экономикалық дамуы экономикалық тәуекелдерді барынша азайту үшін әртараптандыру мен инновацияны қажет етеді. Экономиканы әртараптандыру бір секторға тәуелділікті азайтып, басқа секторларды қолдауға бағытталған неғұрлым тұрақты дамуды қамтамасыз етеді.

Сирек металдардың сыртқы саяси маңызы өте жоғары, себебі олар Қазақстанның халықаралық аренадағы ұстанымын нығайтады, елге стратегиялық серіктестік пен экономикалық одақтар құруға мүмкіндік береді. Дегенмен, ресурстар үшін жаһандық бәсеке ойластырылған және икемді сыртқы саясатты талап етеді.

Ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін Қазақстан ресурстарды басқарудың тиімді тетіктерін және ресурстық қарғыс тәуекелдерін еңсеруге, экономикалық және сыртқы саяси жағдайды жақсарту үшін өзінің табиғи ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін стратегиялық жоспарлауды әзірлеуі қажет.

Авторлардың қосқан үлесі.

Туманшиев Д.А. – хат-хабарға жауапты автор, зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеу, теориялық негізді қалыптастыру;

Исова Л.Т. – қорытынды, ұсыныстар және редакциялау жұмысы;

Жұмақанов Ә. – талдау және статистикалық деректермен жұмыс.

Әдебиеттер тізімі

1. Jeffrey Frankel. The Natural Resource Curse: A Survey of Diagnoses and Some Prescriptions. – Boston: Center for International Development at Harvard University, 2012. – 233 p.
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. [Электронды ресурc]. – 2023. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333> (Қаралған күні: 05.09.2024).
3. Сирек және жерде сирек кездесетін металдар саласын дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы құжат Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы №1221 қаулысы. [Электронды ресурc]. – 2023. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300001221> (Қаралған күні: 05.09.2024).
4. Қазақстан Республикасында сирек және жерде сирек кездесетін металдарды игеруді дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы құжат Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 қарашадағы №1237 қаулысы. [Электронды ресурc]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400001237> (Қаралған күні: 05.09.2024).
5. Central Asian countries Geoportal of Kazakhstan International analytical center. [Electronic resource]. Available at: <https://geoportal-kz.org/ru/редкие-металлы/> (Accessed: 05.09.2024).
6. Горнодобывающая отрасль Казахстана // AIFC Обзор. – Астана, 2024. – с. 45-55.
7. World Bank analytical annual report 2023. [Electronic resource]. Available at: <https://documents1.worldbank.org/curated/en/099081823001539573/pdf/P17674501063760b08b290a4ae6547845d.pdf> (Accessed: 05.09.2024).
8. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. [Электронный ресурc]. URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-industrial-production/> (Дата обращения: 05.09.2024).
9. Об утверждении Комплексного плана развития отрасли редких и редкоземельных металлов на 2024-2028 годы. [Электронный ресурc]. – 2024. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200001127> (Дата обращения: 05.09.2024).
10. Сфера деятельности Казгеологии. Анализ центра Qazgeology. [Электронный ресурc]. URL: <https://qazgeology.kz/сфера-деятельности-казгеологии/> (Дата обращения: 05.09.2024).
11. Смирнов С. Редкие металлы и земли дают ГМК редкий шанс [Электронный ресурc]. URL: <http://www.investkz.com/journals/78/863.html#:~:text=По%20данным%20Института%20геологических%20наук,редких%20металлов%20содержат%20урановые%20месторождения> (Дата обращения: 05.09.2024).
12. Kazakh invest National company annual analytical report. [Electronic resource]. Available at: <https://invest.gov.kz/ru/media-center/press-releases/rare-earth-metals-and-energy-kazakhstan-and-germany-sign-documents-for-1-7-billion/> (Accessed: 05.09.2024).
13. Совместную геологоразведку и добычу редких металлов предложил Казахстан Германии. Встреча глав государств Центральной Азии и Федерального канцлера Германии. [Электронный ресурc]. URL: <https://liter.kz/sovместnuu-geologorazvedku-i-dobychu-redkozemelnykh-metallov-predlozhil-kazakhstan-germanii-1726561184/> (Дата обращения: 05.09.2024).
14. Ariel Cohen, Wesley Alexander Hill. Leveraging Central Asia's Rare Earth Elements for Economic Growth. – Washington: The International Tax and Investment Center (ITIC), 2023. – 28 p.

15. Муратов Б. Дороги в геологию // Горно-металлургическая промышленность. – 2018. – №8 (121). – С. 48-53.

16. Мукашев Т.А., Алпысбаева С.Н. Тенденции развития мирового рынка редкоземельных металлов и перспективы Казахстана // Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. – 2024. – №1 (54). – С.142.

17. Ainur Baikenzheyeva, Rakhat Kurmanbayev, Nikolai Aladin. Pollution with trace elements and rare-earth metals in the lower course of Syr Darya River and Small Aral Sea, Kazakhstan // Chemosphere. – 2019. – P. 81-88. [Electronic resource]. Available at: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0045653519312652> (Accessed: 05.09.2024).

Д.А. Туманшиев, Л.Т. Исова, А. Жумаканов

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Редкоземельные металлы Казахстана: внешнеэкономическая политика

Аннотация. В статье «Редкоземельные металлы Казахстана: внешнеэкономическая политика и «ресурсное проклятие»» рассматривается влияние богатства редких металлов на экономическое развитие и внешнюю политику Казахстана. В глобальную технологическую эпоху редкие металлы становятся стратегическими ресурсами, необходимыми для производства высокотехнологичной продукции. Казахстан, обладающий значительными запасами этих металлов, сталкивается с рисками, связанными с «ресурсным проклятием» - экономической зависимостью от экспорта сырья и уязвимостью к колебаниям мировых цен. В статье анализируются экономические и геополитические аспекты управления редкими металлами, а также их влияние на устойчивое развитие страны и международные отношения. Особое внимание уделено необходимости диверсификации экономики и совершенствованию политики управления ресурсами для снижения рисков и обеспечения долгосрочной устойчивости. Авторы подчеркивают, что стратегическое использование редких металлов играет очень важную роль в укреплении внешнеполитических позиций Казахстана и повышении его конкурентоспособности на мировой арене. В исследовательской работе также обсуждается важность инноваций и международного сотрудничества для эффективного использования этих ценных ресурсов, позволяющих Казахстану стать крупным игроком в мировой экономике. Также редкие металлы показаны как основной фактор, обуславливающий развитие сотрудничества с государствами в различных областях внешней политики.

Ключевые слова: внешняя политика, дипломатия, мировая экономика, глобальные инновации, ресурсная экономика, геополитика, редкие металлы.

D.A. Tumanshiyev, L.T. Issova, A. Zhumakanov

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Kazakhstan's rare Earth metals: foreign economic policy

Abstract. The article "Kazakhstan's rare Earth metals: foreign economic policy and the "resource curse" " deals with the influence of the wealth of rare metals on the economic development and foreign

policy of Kazakhstan. In the global technological era, rare metals are becoming strategic resources necessary for the production of high-tech products. Kazakhstan, which has significant reserves of these metals, faces risks related to the "resource curse" - economic dependence on raw material exports and vulnerability to fluctuations in world prices. The article analyzes the economic and geopolitical aspects of the management of rare metals, as well as their impact on the country's sustainable development and international relations. Particular attention is paid to the need to diversify the economy and improve resource management policies to reduce risks and ensure long-term sustainability. The authors emphasize that the strategic use of rare metals plays a very important role in strengthening Kazakhstan's foreign policy position and increasing its competitiveness on the world stage. The research paper also discusses the importance of innovation and international cooperation to effectively exploit these valuable resources that allow Kazakhstan to become a major player in the global economy.

Keywords: foreign policy, diplomacy, world economy, global innovation, resource economy, geopolitics, rare metals

References

1. Jeffrey Frankel. The Natural Resource Curse: A Survey of Diagnoses and Some Prescriptions. (Center for International Development at Harvard University, Boston, 2012, 233 p.).
2. Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyн «Adiletti Kazakstannyn ekonomikalyk bagdary» atty Kazakstan halkyna Zholdauy [Address of the head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan "Economic orientation of just Kazakhstan"]. [Electronic resource]. – 2023. Available at: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333> (Accessed: 05.09.2024). [in Kazakh]
3. Sirek zhane zherde sirek kezdesetin metaldar salasyn damytudyn 2024 – 2028 zhyldarga arналган keshendi zhosparyн bekitu turaly kuzhat Kazakstan Respublikasy Ukimetin 2023 zhylygy 28 zheltoksandagy №1221 kaulysy [Document on approval of the Comprehensive Plan for the development of the industry of rare and rare earth metals for 2024-2028 resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 28, 2023 No. 1221]. [Electronic resource]. – 2023. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300001221> (Accessed: 05.09.2024). [in Kazakh]
4. Kazakstan Respublikasynda sirek zhane zherde sirek kezdesetin metaldardy igerudi damytudyn 2015 - 2019 zhyldarga arналган zhosparyн bekitu turaly kuzhat Kazakstan Respublikasy Ukimetin 2014 zhylygy 26 karashadagy № 1237 kaulysy [Document on approval of the plan for the development of rare and rare earth metals in the Republic of Kazakhstan for 2015-2019 resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated November 26, 2014 No. 1237]. [Electronic resource]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400001237> (Accessed: 05.09.2024). [in Kazakh]
5. Central Asian countries Geoportal of Kazakhstan International analytical center. [Electronic resource]. Available at: <https://geoportal-kz.org/ru/redkie-metally/> (Accessed: 05.09.2024).
6. Gornodobyvayushchaya otrasl' Kazahstana [Mining industry of Kazakhstan], AIFC Obzor, Astana, 45-55 (2024). [in Russian]
7. World Bank analytical annual report 2023. [Electronic resource]. Available at: <https://documents1.worldbank.org/curated/en/099081823001539573/pdf/P17674501063760b08b290a4ae6547845d.pdf> (Accessed: 05.09.2024).
8. Byuro natsional'noi statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazahstan [Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic

of Kazakhstan]. [Electronic resource]. Available at: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-industrial-production/> (Accessed: 05.09.2024). [in Russian]

9. Ob utverzhdenii Kompleksnogo plana razvitiya otrasli redkikh i redkozemel'nykh metallov na 2024-2028 gody [On approval of the Comprehensive Plan for the Development of the Rare and Rare Earth Metals Industry for 2024-2028]. [Electronic resource]. – 2024. Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200001127> (Accessed: 05.09.2024). [in Russian]

10. Sfera deyatel'nosti Kazgeologii. Analiz centra Qazgeology [The field of activity is Kazgeology. Analysis of the Qazgeology Center]. [Electronic resource]. Available at: <https://qazgeology.kz/sfera-deyatelnosti-kazgeologii/> (Accessed: 05.09.2024). [in Russian]

11. Smirnov S. Redkie metally i zemli dayut GMK redkii shans [Rare metals and earths give MMC a rare chance]. [Electronic resource]. Available at: <http://www.investkz.com/journals/78/863.html> (Accessed: 05.09.2024). [in Russian]

12. Kazakh invest National company annual analytical report. [Electronic resource]. Available at: <https://invest.gov.kz/ru/media-center/press-releases/rare-earth-metals-and-energy-kazakhstan-and-germany-sign-documents-for-1-7-billion/#:~:text=Redkie%20metally%20yavlyayutsya%20vazhnym%20komponentom,stoimost'%20proekta%20sostavit%20%24200%20mln> (Accessed: 05.09.2024).

13. Sovmestnuyu geologorazvedku i dobychu redkih metallov predlozhit Kazakhstan Germanii. Vstrecha glav gosudarstv Tsentral'noi Azii i Federal'nogo kanslera Germanii [Kazakhstan has proposed joint exploration and extraction of rare metals to Germany. The meeting of the Heads of State of Central Asia and the Federal Chancellor of Germany]. [Electronic resource]. Available at: <https://liter.kz/sovместнуу-геологоразведку-и-добычу-редкоземельных-металлов-предложит-казахстан-германии-1726561184/> (Accessed: 05.09.2024). [in Russian]

14. Ariel Cohen, Wesley Alexander Hill. Leveraging Central Asia's Rare Earth Elements for Economic Growth. (The International Tax and Investment Center (ITIC), Washington, 2023, 28 p.).

15. Muratov B. Dorogi v geologiyu [Roads to geology], Gorno-metallurgicheskaya promyshlennost' [Mining and metallurgical industry], 8 (121), 48-53 (2018). [in Russian]

16. Mukashev T.A., Alpysbaeva S.N. Tendentsii razvitiya mirovogo rynka redkozemel'nykh metallov i perspektivy Kazakhstana [Trends in the development of the global rare earth metals market and prospects for Kazakhstan], Vestnik Kazakhskogo universiteta ekonomiki, finansov i mezhdunarodnoi trgovli [Bulletin of the Kazakh University of Economics, Finance and International Trade], 1 (54), 142 (2024). [in Russian]

17. Ainur Baikenzheyeva, Rakhat Kurmanbayev, Nikolai Aladin. Pollution with trace elements and rare-earth metals in the lower course of Syr Darya River and Small Aral Sea, Kazakhstan, Chemosphere, 81-88 (2019). [Electronic resource]. Available at: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0045653519312652> (Accessed: 05.09.2024).

Авторлар туралы мәлімет:

Туманшиев Д.А. – PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Исова Л.Т. – тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Жұмақанов Ә. – PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Туманшиев Д.А. – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Исова Л.Т. – кандидат исторических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Жумаканов А. – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Tumanshiev D. – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Isova L. – Candidate of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Zhumakanov A. – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).